

## 2004 жылғы көктеу кезеңінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерін суғаратын сумен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 шілдедегі N 799 қаулысы

2004 жылғы көктеу кезеңінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерін суғаратын сумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары тұтынушыларының Қырғыз Республикасынан электр энергиясын алуы және өтемақы ретінде Бішкек қаласының жылу электр орталығына дейін көмір мен мазутты орайластыра жеткізу жөніндегі ж ұ м ы с т ы ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

2004 жылғы көктеу кезеңінде Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына келетін электр энергиясының барлық ағыны осы қаулының шеңберінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

### 2 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті - оңтүстік өңірлердің суғармалы жерлерін суғаруға арналған су жеткізілімдері жөніндегі үйлестіруші;

2) "Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "KEGOC" ААҚ) - Қырғыз Республикасынан жеткізілетін электр энергиясын беру жөніндегі оператор болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Қаржы министрлігімен және "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен бірлесе отырып, 2004 жылғы көктеу кезеңінде Қырғыз Республикасынан алынатын электр энергиясы үшін өтемақы ретінде жеткізілетін көмір мен мазутты экспорттық қатынаста темір жол көлігімен тасымалдау тарифтеріне 0,5 төмендету коэффициентін белгілесін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының берілген өтінімдерге сәйкес Бішкек қаласының жылу электр орталығына дейін көмір мен мазутты жеткізу үшін жылжымалы құрамды үздіксіз беруін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасына және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге сәйкес осы қаулы шеңберінде жасалған келісім-шарттар

бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілер жеткізетін электр энергиясы, көмір мен мазут үшін кеден баждарын 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданбасын.

6. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдері бір апта мерзімде көктеу кезеңіндегі суғаруға арналған суды үнемдеу жөніндегі іс-шараларды әзірлесін және олардың орындалуын қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі көктеу кезеңінде судың ұтымды пайдаланылуына бақылау орнатсын.

7. "KEGOC" ААҚ-қа заңнамада белгіленген тәртіппен Орталық Азияның жиілікті реттеуші энергия жүйесінен қуатты реттеу жөніндегі қызметті сатып алу жолымен Қазақстанның Бірыңғай энергетикалық жүйесінің оңтүстік бөлігінде электр тогының стандартты жиілігін ұстап тұруды және технологиялық шығындарды өтеу үшін электр энергиясын бір көзден - Қырғыз Республикасының "Электр станциялары" акционерлік қоғамынан сатып алуды қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Есімовке жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*